

ӘОЖ 821.512.122

ҒТАМР 17.82.30

С. МҰҚАНОВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ОККАЗИОНАЛИЗМДЕР**Ж.Т. Қадыров¹**¹*М. Қозыбаев атындағы СҚМУ, Петропавл, Қазақстан***А. Сәркенқызы²**²*Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланы Әскери институты, Петропавл, Қазақстан***Аңдатпа**

Көркем әдебиетте сөздер нақтылы тура мағынада емес, ауыс мағынада, астарлы түрде қолданылады. Сондықтан көркем әдебиет тілі бейнелі, мәнерлі болып келеді. Мақалада С. Мұқановтың авторлық қолданыстары, яғни окказионализмдер зерттелген. Жазушы тілдік-стильдік құралдарды таңдап, екшеп, түрлендіріп қолдануда шеберлік танытқаны зерделенеді. Бұл тіркестердің мағынасы фразеологиялық сөздікте көрсетілмеген. Бұл тіркестер контекст қалауына қарай стилистикалық нормаға сай келетіндігі сараланған. Сонымен қатар, әдеби тіл нормалары сақталғаны айқындалған.

Мақалада автордың өзіндік қолтаңбасы айқын танылатыны айшықталған. Стилистикалық тұрғыдан қарағанда авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің қандай мақсатта қолданылып тұрғаны көрсетілген. Шығармаларда окказионализмдер ойды жан-жақты мәнерлі, көркем түрде жеткізу үшін қолданылатыны зерделенген. Олар автордың жеке дара стилін, ерекшелігін танытуда маңызды рөл атқаратыны қарастырылған. Автор тұрақты тіркестер жазушының көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданылады деген тұжырымды ұстанады.

Түйінді сөздер: көркем әдебиет, фразеологизмдер, авторлық фразеологизмдер, контекст, стиль, окказионализмдер, эмоционалдық әсер, қаламгер, авторлық қолданыс.

ОККАЗИОНАЛИЗМЫ В ПРОИЗВЕДЕНИЯХ С. МУКАНОВА**Кадыров Ж.Т.¹**¹*СКГУ им. М. Козыбаева, Петропавловск, Казахстан***Саркенова А.²**²*Военный институт Национальной гвардии Республики Казахстан, Петропавловск, Казахстан***Аннотация**

В художественной литературе слова используются не в конкретном прямом смысле, а в переменном значении, переносном в виде. Поэтому язык художественной литературы является образным, выразительным. В статье изучены авторские произведения С. Муканова, т. е. окказионализмы. Изучается, что писатель проявляет мастерство в выборе, преобразовании и применении языко-стилистических средств. Смысл этих словосочетаний не указан в фразеологическом словаре. Эти фразы классифицируются в зависимости от желаемого контекста, что соответствует стилистической норме. Кроме того, выявлены нарушения норм литературного языка.

В статье раскрывается своеобразная подпись автора. В стилистическом плане показано, в каких целях используются авторские фразеологизмы. В произведениях изучалось, что окказионализмы используются для всестороннего выразительного, художественного доведения мыслей. Они играют важную роль в популяризации индивидуального стиля, специфики автора. Автор придерживается принципа, что постоянные сочетания используются и в целях представления взглядов, идей, внутреннего мира, бытия описываемого героя.

Ключевые слова: художественная литература, фразеологизмы, авторские фразеологизмы, контекст, стиль, окказионализмы, эмоциональное впечатление, писатель, авторское применение.

OCCASIONALISMS IN THE WORKS OF S. MUKANOV

Z.T. Kadyrov¹

¹*NKSU named after M. Kozybaev, Petrtropavlovsk, Kazakhstan*

A. Sarkenova²

²*Military Institute of the National Guard of the Republic of Kazakhstan, Petrtropavlovsk, Kazakhstan*

Abstract

In fiction, words are not used in a specific literal sense, but in a variable meaning, a lining form. Therefore, the language of fiction is figurative, expressive. The author's works Of S. Mukanov, i.e. occasionalisms, are studied in the article. It is studied that the writer shows mastery in the choice, transformation and application of linguistic and stylistic means. The meaning of these phrases is not specified in the phraseological dictionary. These phrases are classified according to the desire of the context, which corresponds to the stylistic norm. Besides, violations of norms of literary language are revealed.

The article reveals the original signature of the author. Stylistically, it is shown for what purposes the author's phraseological units are used. In works it was studied that occasionalisms are used for all-round expressive, artistic finishing of thoughts. They play an important role in popularizing the individual style, specificity of the author. The author adheres to the principle that constant combinations are also used to represent the views, ideas, inner world, being of the described hero.

Key words: fiction, phraseological units, author's phraseological units, context, style, occasionalisms, emotional impression, writer, author's application.

Kіріспе

Тілдің өмір сүру, даму тарихында сөздік құрамда бар кей сөздердің жаңа мағынаға ие болуы, не мағыналарының көбеюі мен тарылуы, бірқатарының қолданыстан шығып қалуы немесе жақын мағыналарының бір-бірінен алшақтауы, біралуан сөздің жаңа мағынаға ие болуы, жасалуы, өзге тілдерден енуі сияқты сан алуан өзгерістердің болып отыратыны – ақиқат шындық.

Көркем әдебиетте сөздер нақтылы тура мағынада емес, ауыс мағынада, астарлы түрде қолданылады. Сондықтан көркем әдебиет тілі – бейнелі, мәнерлі болып келеді. Ақын-жазушылардың шығармаларындағы сөз қолдану шеберлігін сараптау – қазіргі тіл білімінің басты мәселелерінің бірі. «Көркем әдебиет стилистикасы – негізінен сөз қолданыс шеберлігін, сөз эстетикасын, сөздердің контекстегі «қылығын» зерттейтін ғылым саласы. Сондықтан функционалдық стильдер мәселелерін сөз ететін ғылым саласы – стилистика ұлттық тіл мәдениеті негізін қалайды» - деген тұжырым негізінде тіл білімінің маңызды саласын сөз еткен Р.Сыздық зерттеулеріне зер салсақ, тіл мен мәдениет ұғымдарының бірлігі арқылы сұрыпталатын тілдік проблема көлемінде тілшінің «адамдардың тілді дұрыс қолдануын» қадағалайтын нормалар мен қағидаларға тоқталуы заңды деп есептейміз [1, 175]. Ойын нақтылау мақсатында тілші «...бұған білдірмек ойға сөздерді сай етіп дұрыс, дәл таңдай білу, ой мен сөздің құр дәлдігін табу емес, сонымен қатар сөздердің тыңдаушыға әсер ететіндей орынды, көркем варианттарын тауып қолдану жатады» деген пікір айтады. Кейінірек ғалым тіл мәдениетінің жаңа белесін өзектейді, ол «...тіл құралдарын эстетикалық қызметте жұмсау принциптерін айқындау» қажеттілігіне саяды. Сөйтіп, көркем шығармалар тілін зерттеудің тың принциптерін ұсына келе, Р. Сыздыкова стилистика мен сөз мәдениетін әр кезде байланыстырып отыру қажеттігін ескертеді. «...өйткені тіл элементтерінің көркем сөзде дұрыс не бұрыс қолдануын анықтау үшін, әуелі сол элементтің қай орында, қандай мақсатта жұмсалып тұрғанын, яғни стильдік жүгінің бар-жоғын білу керек. Сөйтіп, стилистиканың мақсаты тіл мәдениеті міндеттерімен ұштасады» – деп

қорытындылайды ойын зерттеуші [2, 178]. Осыған сәйкес тілші жазушы қауымның ұлттық әдеби тілдің қалыптасуына тигізер әсерін нақтылай отырып, олардың «сөз мәдениетінің» дамуына қосар өзіндік үлесін талдап көрсетеді. Сөздің қолданылу аясын, атқарар қызметін, барша мүмкіндігін дәйектеу мақсатында ғалым перифраз, поэтизм, окказионализм, символ, парцелляция сынды ұғымдардың ерекшеліктеріне зер салады.

Шығарма авторы белгілі бір ұлт өкілі ретінде халықтың ғасырлар бойы ұлттың санасына жинақталған, сақталған тұрақты тіркестерді еркін игереді. Сол еркін игерілген дүниеден жазушының жеке тұлғасының дүниетанымына, психологиялық санасына сай, тілдегі сөздерді ойната отыру мәнеріне сай, өзіндік қалыптастырған стиліне сай авторлық фразеологизмдер туады.

Негізгі бөлім

Стилистикалық тұрғыдан қарағанда авторлық фразеологизмдердің қандай мақсатта қолданылып тұрғанын да айқындап алу қажет. Себебі, тұрақты тіркестер тек көріктеу құралы ғана емес, жазушының көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданылады. Сол себепті де Р. Сыздықова: «Көркем туындының тілін лингвистикалық стилистика тұрғысынан талдау дегеніміз тілдің жеке бөліктерін (единицаларын) түгендеу емес, сол бөліктердің, айталық, сөздердің, тіркестердің, сөйлемдердің қолданысын, қолданыстағы көрінісін зерттеу болмақ. Нақтылай айтсақ, сол емес, сол сөздердің қолданысы қандай мақсатты өтеп тұр, солар арқылы жазушы нені, қалай суреттеп тұр – осыларды тану керек», - дейді [3, 5].

Тіл білімінде жеке авторлық қолданыстағы сөздерді *окказионализмдер* деп атайды. Осы жайында Х. Нұрмұханов былай дейді: «Окказионалды сөздер деп не жасалу жолдары дағдылы көрінбей (жылмық – жылмая, өрлеу - өргү), не мағыналары айқын болмай (тәуелеу, жеңкею, жұбап), не тіл практикасына келісімді келмей (шаруакеш), қысқасы аса табиғилық таныта қоймай тұратын авторлық қолданымдарды айту және бұларды потенциалды сөздермен шатастырмау дұрыс сияқты.

Ал стильдік жағынан алғанда, әрине, окказионалды сөздердің де, потенциалды сияқты, өзіндік жаңалығы, тұрған контекстіне жарасымы арқылы экспрессивті қызмет атқаратын қолданымдар екені сөзсіз. Алайда сөзді түрлендіріп қолдануда оның табиғи тұлғасына кейде азды-көпті қиянат та жасайтын сияқты» [4, 71]. Ал окказионализм сөздерге Л. Еспекова мынадай сипаттама береді: «Окказионализмдер дегеніміз – белгілі бір қаламгерге тән, тосыннан пайда болатын, тілдің сөз тудыру тәсілдеріне сәйкес те сәйкессіз де жасалатын, контекст қалауына қарай қызмет атқаратын, әдеби тілімізге, сөздіктерге кіру қабілеті шектеулі, үнемі жаңашылдығымен, экспрессивтілігімен ерекшеленетін бір қолданар сөздер», – дейді [5, 10]. Окказионализмдер – әдеби тілде өзіндік мәні бар, нормаланбаған сөздер. Бірақ стилистикалық бояуы бар болғандықтан, стилистикалық нормаға сай қолданылатындығы зерттеулерден айқын көрінеді [6, 9].

Зерттеуші Г. Мұратова окказионал сөз статусы төмендегідей мәселелерді анықтағанда толыққанды, өз мән-мазмұнында ашылады деген пікірде:

- окказионал сөз табиғатын қалыптағы (узуаль) сөздермен салыстыра отырып, анықтау барысында;
- окказионал сөз категориясына тән өзіндік айрым-белгілерді ажыратуда;
- жеке авторлық стильдегі жаңа қолданым ретінде пайда болу себебін көрсетуде;

– окказионал сөздің әдеби тіл нормасына қатысын анықтауда;
– окказионал сөз жасалуының қазақ тіліндегі мағыналық-құрылымдық сипатын айқындауда [7, 12].

Сонымен қатар, зерттеуші окказионал сөздердің ерекшелігін атап көрсетеді:

1. Бұл категорияның басты белгісі бірқолданымдығы мен біртуымдылығы. Бірқолданар сөздер сөйлеу үстінде пайда болып, бір мезеттік ғұмыр кешеді, қайта жаңғыртыла қолданылмайды;

2. Ерекше бір белгісі контекспен тығыз бірлікте болуы;

3. Окказионал сөздің негізгі қызмет орны әдеби нормаланбаған тіл емес, жеке авторлық қолданыс;

4. Окказионал сөздер әдеби тіл шеңберінен тыс жатса да, әдеби тіл жүйесінің сөзжасам процесін басшылыққа алады, узуаль сөздер үлгісімен жасалады;

5. Шартты түрде олар сөйлем құрамын толықтыруға септігін тигізеді [7, 99].

С. Мұқанов шығармаларында тек қаламгерге тән, фразеологиялық сөздікке енбеген, автордың жеке тұрақты тіркестері, окказионал сөздер кездеседі. Бұл тіркестер контекст қалауына қарай қызмет атқарып, стилистикалық нормаға сай келеді. Сонымен қатар, әдеби тіл нормалары сақталған.

1. Автор жалпыхалықтық формадағы тұрақты тіркестерді өңдеп, өзгертін қолданады, қосымша мағына үстейді. Мысалы, Егер ол жалғыз көлігін арықтатып, жүргізбей тастаса, оның арты күн көріске кеп соқпақ, *күрмеуге келмейтін қысқа жібін артық қысқартпақ* [8, 12].

Әкесі мен шешесі Нұрмағанбеттің бұл тілін алды да, *қолдарынан келген қайраттарын* үй тұрмысын түзеуге жұмсады; сырттан табыс кіру, үй ішінен бүтінші табылу, Баймырзаның бұрынғы іші де, сырты да сиықсыз үйіне ажар беріп, жыл өткен сайын жақсы үйлердің қатарына жақындай түсті [9, 106]. Мұнымыз той тарқардағы аударыспақ сияқты ойынымыз емес пе? – деді Шолақ, – айтыңдаршы, қайсыңның *тұщы етіне ащы таяқ тигіздім?* [9, 146]. «Бұл бір жұтпас – деп қорқады Біржан Балуаннан, – егер жұтса, түйені түгімен, биені жүгімен дегендей мол қылғыр!... Бұның *аузына ілеккенді суырып алу да қиын болар!*» [9, 171].

Не ғажабы барын білмейді, қанша сұқтанғанмен, батып сөз айта алмады, бойынан сығымдап, әкелген *намыс пен ашу не тіліне не білегіне орала алмады* [9, 180].

Бұл қаланың ұлықтарының *беті* оған *жаман* [9, 228].

Ойы құрғыр: Сұлуға, Ермекке де, *Жүрекке кеп қадалған қара сүлік* [9, 61].

2. Авторлық, өзіндік тіркестер жасайды. Бұрын өлім көрмегенмен Ботагөзге Айбала күн сайын *көр аузына бір адым жақындаған сияқтанады*. Күн сайын еті қашып, күн сайын жөтелі күшейіп барады. Қазір міндеті кісиде [8, 232].

Жүйрік көңілді – жаман ат тұсады! Атсыз кісі – қанатсыз құс екен. Реніші бүгін түнде Балуанның құшағында өткізбек еді, күйеуі ол үмітін кесті; қуанышы бүгінгі күнге дейін *адал келген неке суына бүгін арам тамшы қосу*, су орнына у ішердей жүрегін лоблыта бастаған ол қиналудан күйеуі құтқарғандай болды [8, 170].

Адал некемізге арам жұқтырмауға мен уәде берейін [8, 170].

«Ақша аласыз ба?» деген сөзді айта алмай, Асқар киініп есікке бара берді де, *ұятын қайратына жеңдіріп алса*, алмаса да бетін ашып кетейін деп ойлап, солғын қоштасып отырып қалған Құзғынбаевқа тағы келді [8, 172].

Қылғынып өкпесі аузына тығылған Қожантайдың көзінен жас ыршып кетті; жалбарынайын деп еді, *арам сөзге адал уыс* жол берген жоқ [8, 320].

Бұл арада бала мені аяудың орнына, ұзыннан өші, қысқадан кегі бардай: «оқасы жоқ, тірі болсаң, етік табылмас деймісін», - деп мазақтап, қарқылдайды да күледі [10, 183].

Ағайынды Кургановтар да сөйтті: Антон әкесі ауруға шалдығып, табыстан қалған соң-ақ, өз селосының байларына жалшылыққа тұрды, Андрей ол қамытты әкесі өлгеннен кейін киді [9, 109].

Солардың ішінен Кузнецов Асқармен тез танысады. Бірақ Путилов заводында да: «оқушымыз қаражат жоқ болған соң жұмысқа түстік» дейтіндердің арасынан провокатор шығып, одан Кузнецовтың аузы күйгендіктен, ол Асқарға тым құшақ ашпады, оны алыстан торлап, *сырын шыжымдап тартты* [8, 25].

«Жұрт қан жылағанда біз қуанғанмен не болады?» деп ренжіген бірен-саран ел қамын қайғыратындар болмаса, *көпшіліктің ширатылған жібі босады, шідер үзгендей асаусызған мінезін баяулатты* [8, 263].

Елге істеген қиянаттарын айтып талай арыздар жауғанмен, іс зорайып басталғанмен, губернаторға барғансын *аяғы жіңішкеріп, сұйылып кете береді* [8, 39].

Өмірінде көрмеген *босағасына биыл торсық кірді*, қалай ішсе де жетіп жатыр [10, 84].

Өзің не айтқалы отырсың?-деді Қалампыр кейіп,- соныңды айтсайшы, былай да асқынған *кедейліктің жарасына шыбынды үймелете түспей* [9, 100 б.].

Авторлық тұрақты тіркестер ішінде бір-біріне қатысы жоқ сөздерді автор қиюластырып, өзіндік қолтаңбасын ұсынады. Деректі ұғыммен дерексіз ұғымды қатар қолданып, өзіндік тіркес жасайды.

Ілік септігі мен тәуелдік жалғауы арқылы жасалған окказионалдар: Балуанға скрипка мен сырнайдың емес, *жүрегінің қылы* күйге толғандай боп, тұла бойы шымыр-шымыр етті [9, 243].

Осы өсектің қайсысына нанарын білмеген Ғалия не істеудің қыбын таба алмай, *қайғының қара теңізіне* бата берді [9, 222].

Бүркітбайдың жүрегін басқан *өтіріктің шаңы*, Асқардың бетіне қонғандай, ол оны аяп, шынын айтуға бір ойлап тұрды да, артын ойлап Итбайдан бата алмады [8, 224].

Ботагөз түрегелгенде, Көпен оның қабағын көтертпейтін *қайғының зілді қара тасы* домалап жерге түскендей, қалпына келгендей болды [8, 348].

Туралған етті кеңеспен жеп отырған Амантайдың *көзінің құйрығы* Ботагөзге түсіп еді [8, 128].

Жарылғалы тұрған жарадай *жұрттың қайғысының аузын* Нұрмағамбеттің жылауы тырнап ашқандай болды [9, 86].

Бұл ойдан кейін оның *басындағы өрті лаулап*, есінен тіпті тандырып жіберді [9, 100].

Өзің не айтқалы отырсың? Деді Қалампыр кейіп, соныңды айтсайшы, былай да асқынған *кедейліктің жарасына шыбынды үймелете түспей* [9, 100].

Осы ойдың *тұғырына талпынған көңілдің құсын байлай қондырып*, іштен сабырсызданған Ғалия «келе жатыр ма» деп, үйінен әлсін-әлсін шығып қарай беретін болды [9, 165].

Ішкі ойы алыс жатқанмен, Ғалия Қордабайдың жігітшілік әзіл-оспағына қызығып, *қалжыңның ұзын арқан, кең тұсауынан* босатпайтын [9, 179].

Қызды шекпеніне бөлей құшағына ап, төсекке өзі киімшең қисайған Балуанның жан-жағынан *нәпсінің аңдары* арсылдай ұмтылғанмен, берік және батыр жүрек сертінен жаңылмады [9, 214].

Тағдырдың ноқтасына басын ұсынған Балуан Шолақ аз жасында көрген өзге зорлық-зомбылығын ұмытуға тырысты және ұмытты да, бірақ өзгені ұмытқанмен, оның *жүрегінен жабысып айрылмайтын бір ғана дерт* бар. Балуанның бұл шарттарға көнбей, бұлтақтағысы келмегенмен, Ғалияның жан сырынан көзіне көрсете *тоқыған дәлел торы* бүлік еткізбеді, Балуан жүрегі сыздай отыра көнді [9, 277].

Уголовная розыскадан жоғалған заттар туралы хабар келген соң, Итбайға «барайын ба, бармайын ба?» деген оймен Асқар аз отырды да, табылған затқа қуана қоймағанмен, Итбаймен *араздық тоңын жұқартпақ* боп, дыбыссыз Итбайға барды [8, 194].

Біраздан кейін Итбайдың *ашу бұлты* тарап, *ақылы сабасына құйыла бастады* [8, 120].

Оның үнемі түюлі жүретін қалын қабағы *зілдің бұлтындай* бір ашылмайды [10, 45].

Бір тілегімді бер, осыдан кейін *дүниенің бар азабы үстіме құлап*, көтеру тетігі сенде болса да, «апалап» аузымды ашпауға ант берейін [10, 237].

Ақан өлендерімен *қазақ әдебиетіне ауа райын жасаған кісі емес*, ал ән жағын алғанда, ол – революциядан бұрынғы қазақ музыкасының ірі классиктерінің бірі [10, 205].

Жоғарыдағы мысалдарда контекстер окказионал үшін мынадай қызмет атқарып тұр:

1. Мағынаны нақтылап тұр;
2. Ең негізгі басты ойды бөліп көрсетіп тұр;
3. Эмоционалды әсері танылып тұр;
4. Контекстік жаңа мағынаны жарыққа шығарып тұр.

Семантикалық тәсілмен жасалған окказионализмдердегі жаңалық – сөздің сыртқы формасында емес, ішкі мазмұнында. Семантикалық окказионализм – байырғы сөздердің өзінің нақты сыртқы формасын сақтай отырып, ішкі мазмұнын өзгертеді немесе семантикалық реңк беру қызметін атқаратыны белгілі.

Қорытынды

С. Мұқанов тілдік-стильдік құралдарды тандап, екшеп, түрлендіріп қолдануда шеберлік танытады. Бұл тіркестердің мағынасы фразеологиялық сөздікте көрсетілмеген. Яғни, байқайтынымыз – автордың өзіндік ерекшелігі – бұл авторлық қолданыстағы фразеологизм. Авторлық фразеологизмдердің тууын және уақыт өте келе афоризмдерге айналуын проза тілінен айқын байқаймыз. Стилистикалық тұрғыдан қарағанда авторлық қолданыстағы фразеологизмдердің қандай мақсатта қолданылып тұрғанын да айқындап алу қажет. Себебі: тұрақты тіркестер тек көріктеу құралы ғана емес, жазушының көзқарасын, идеясын, суреттеп отырған кейіпкерінің ішкі жан дүниесін, болмысын таныту мақсатында да қолданылады.

Сонымен, шығармаларда окказионализмдер ойды жан-жақты мәнерлі, көркем түрде жеткізу үшін қолданылады. Олар автордың жеке дара стилін, ерекшелігін танытуда маңызды рөл атқарады. Қаламгер халық тіліндегі тұрақты тіркес қорынан ең қажеттісін таңдай отырып, оларды түрлендіреді, оларға қосымша мағына үстейді, өзінің мазмұндап отырған оқиғасына байланысты тұрақты тіркестердің ой арнасына

сай болуын ажарлайды да, атқаратын қызметін түрлендіре түседі, бірақ тіл заңдылықтарын бұзбайды.

Әдебиет:

1. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 320 б.
2. Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптасуы. – Астана: Елорда, 2001. – 178 б.
3. Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: 1997. – 241 б.
4. Нұрмұханов Х. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987. – 288 б.
5. Еспекова Л. Қадыр Мырзалиев поэзиясындағы окказионализмдер. Филол. ғыл. канд.....авторефераты. – Алматы: 1998. – 25 б.
6. Бейсенбай А.Б. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы окказионалдық қолданыстар. Филол. ғыл. канд..... авторефераты. – Астана: 2008. – 28 б.
7. Мұратова Г. Көркем әдебиет тіліндегі кездейсоқтық пен қажеттілік. – Алматы: 2002. – 138 б.
8. Мұқанов С. Ботагөз. – Алматы: 1967. – 516 б.
9. Мұқанов С. Сұлушаш. – Алматы: 2002. – 288 б.
10. Мұқанов С. Өмір мектебі. – Алматы: 2002. – 464 б.